

**Қазақстан Республикасы білім және ғылым  
министрлігі**

**Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті**  
**пән атауы**

# **КӨЛІК ЛОГИСТИКАСЫ**

**тақырыбы: «Көлік қызметін  
пайдаланушының логистикасы»**

**А.Н. Данияров атындағы «Өнеркәсіптік көлік»  
кафедрасының профессоры:  
Балғабеков Төлеу Күнжолұлы**

## *Дәрістің жоспары:*

1. Көлік саласында логистиканы дамыту.
2. Инфляцияға қарсы саясатты қамтамасыз ету.
3. Инвестициялық саясатты дамыту шаралары.

- Жалпы логистиканы көлік саласында қолдану өндіріс тиімділігін арттыруға бағыттайды. Себебі, логистиканы қолдану өндіріс пен көлік салаларында төмендегідей мүмкіндіктерге жетелейді:
  - материалдық ағымдар қозғалысының бүкіл жолындағы қорларды төмендетуге;
  - логистикалық тізбек бойындағы тауарлар қозғалысының уақытын қысқартуға;
  - тасымалдау шығындарын төмендетуге;
  - қол еңбегінің шығындарын және жүк оталарының сәйкес шығындарын қысқартуға.

- Халықаралық талдау орталықтарының бағалаулары бойынша Оңтүстік-Шығыс және Шығыс Азия – Еуропа бағыттары бойынша транзиттік ағымдар 330 - 400 млрд. АҚШ долларына бағаланады, олардың 20% Ресей Федерациясы мен Қазақстанның территориясы арқылы өтуі керек. Бірақ Қазақстан әртүрлі себептерге байланысты аталған әлеуетті 10%-дан аз пайдаланады. Қазіргі уақытта шамамен 1,5 млрд. АҚШ долларын құрайтын ішкі тасымалдардың көлемі өткен жылда жартылай және 2010ж. экономиканың индикативті даму жоспарына сәйкес 8 - 9% - ға артып, 3,6 млрд. АҚШ долларына дейін өсті.

## Пайызға шаққандағы көрсеткіштер

2008-2009 жылғы әртүрлі қызметтерге байланысты өсім көрсеткіштері				2008 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда	2009 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда
	2008 жылғы желтоқсанда	2009 жылғы наурызда	2009 жылғы желтоқсанда		
Барлық тауарлар және қызметтер	0,8	2,0	8,9	4,7	8,8
Азық-түлік тауарлар	0,6	1,3	8,3	5,5	8,8
Азық-түлік емес тауарлар	1,5	2,9	7,1	4,8	5,9
Ақылы қызметтер	0,5	1,9	11,6	6,3	11,7

- Осы мақсатта жүк тасымалын жылдамдату, рәсімдеу мен тауарлар сақтау сапасын арттыру үшін республикамызда 2008-2015 жылдары аралығында 20-дан астам көліктік-логистика орталықтары салынатын болады. Мұның негізі 2006 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясында қаралған. Бұл стратегия бойынша мемлекет кеңістігінде транзиттік маршруттардың торабын қалыптастыру жұмыстары жоспарланған.

- Осы тұста тиімді көліктік-логистикалық орталықтарды қалыптастыру негізінде аймақтық ерекшеліктерді ескеру ұсынылады. Мысалы, тиімді жұмыс істейтін орталықтар келесідей қалаларда құрылады. Солтүстік аймақта – Астана, Қарағанды және Павлодар қалаларында; Оңтүстік-Шығыста – Алматы, Шымкент қаласында және Достық бекетінде; Батыста – Ақтау, Ақтөбе және Атырау қаласында. Бұл орталықтардың құрылуы осы қалалардағы көліктің экономиканың басқа да салаларымен байланыстарының дамуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, көліктік-логистикалық орталықтар қалалар үшін қазіргі заманғы терминалды технологияларының дамуына жағымды жағдай жасаса, клиенттер үшін – қазіргі халықаралық сапа талаптарына сәйкес келетін көліктік-экспедициялық, қоймалық, кедендік және сервистік қызметтердің кешенін ұсынады.

Орталықты құруды қаржыландыру көлемі АҚШ-тың 100 миллион долларын құрайды және бұл қаржылардың 70% – коммерциялық банктерден несие алу арқылы, ал 30% – жеке қаражаттар арқылы қаржыландырылады. Ал енді осы көліктік-логистикалық орталықтың қала және ел экономикасының дамуына тигізетін оң ықпалына тоқталатын болсақ, оларға төменгілерді жатқызуға болады:

1. Орталық 600-ден астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді;
2. Қалалық, аймақтық және ұлттық көлік жүйелерінің дамуына ықпал етеді;
3. Жалпы ішкі өнім ауқымындағы тауарды сақтау, тиеу бойынша қызмет үлесін арттыруға жағдай жасайды;
4. Нақты өндірушіден соңғы тұтынушыға дейінгі аралықты қысқартады;
5. Тауарды тікелей жеткізу арқылы көліктік және делдалдық шығындарды азайтып, халықтық тұтыну тауарларының бағасын түсіруге мүмкіндік береді.



## ҚХР мен қарым-қатынас

- Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы сауда айналымы Орталық Азия және Шығыс Еуропа елдері арасында Ресейден кейінгі екінші орында тұр. Қазақстан экономикасына салынған Қытай инвестициясының жалпы көлемі қазір шамамен 8 миллиард долларды құрап отыр, сондай-ақ Қазақстанның Бүкіләлемдік сауда ұйымына қосылуына қолдау көрсетіп отыр. “Атасу – Алашанькоу” мұнай құбыры, “СНПС-Ақтөбемұнайгаз” акционерлік қоғамы, “Кеңқияқ – Құмкөл” мұнай құбыры және “Қазақстан – Қытай” газ құбыры сияқты нысандар мен мекемелер атқарып жатқан және атқаратын ауқымды істер болды.

## Инфляцияға қарсы саясат

- Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің деректері бойынша инфляция Қазақстан Республикасында 2009 жылғы желтоқсанда 0,8% құраған. Өткен айда азық-түлік тауарлары нарығында ет өнімінің бағасы 0,5%-ға, балық және теңіз өнімдері – 1,1%-ға, жеміс-жидек және көкөністер – 2,1%-ға, алкогольсіз сусындар – 3,8%-ға, қант – 4,4%-ға артқаны белгіленді.

- Сонымен қатар, күнбағыс майы бағасының 5,1%-ға, жұмыртқа – 4,4%-ға, ұн-1,6%-ға, сүт – 1,1%-ға, жармалар – 0,4%-ға, нан – 0,1%-ға төмендегені белгіленді.
- Жуғыш және тазартқыш заттардың бағасы 8,6%-ға, жеке гигиена заттары – 6,3%-ға, медициналық препараттар – 3,2%-ға, еденге арналған кілемдер және кілем төсеніштер - 2%-ға, ыдыс-аяқ, кітап-газеттер -1,6%-ға, жиһаз-1,2%-ға, тұрмыстық тоқыма бұйымдар – 1,1%-ға, киім және аяқ киім - 1%-ға артқан. Бензин – 0,6%-ға, дизель отыны -1,4%-ға арзандаған.
- Мейрамхана және қонақүй қызметтерінің баға деңгейі 1,7%-ға, көлік – 1,4%-ға, шаштараз – 1,3%-ға, денсаулық сақтау және білім беру - 1%-ға артқан. Тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің тарифы 0,1%-ға төмендеген.

- 2008 жылғы наурызбен салыстырғанда 2009 жылғы наурызда азық-түлік тауарларының бағасы 8,3%-ға артқан.
- 2009 жылғы наурызда 2008 жылғы сәйкесті аймен салыстырғанда жеміс-жидек және көкөністердің бағасы 2,4%-ға, нан-4,6%-ға, ұн -5,4%-ға, сүт өнімдері – 9,6%-ға, кондитерлік бұйымдар – 10,1%-ға, жарма – 10,9%-ға, алкогольдік емес сусындар – 14,2%-ға артқан.
- Май және тоң майдың бағасы 9,3%-ға төмендегені белгіленген.
- Жоғарыда аталған кезең ішінде ет және ет өнімдері бағасының өсу 8,1%-ды құрады. Шошқа еті бағасының деңгейі 16,6%-ға, шұжық бұйымдары – 13,2%-ға, жылқы еті – 7,2%-ға, қой еті – 3,9%-ға артқан.

- Өткен он жылдың ішінде Қазақстанның ішкі жалпы өнімі бес есеге жуық өсті. Осы кезеңде ішкі жалпы өнімнің халықтың жан басына шаққандағы көлемі 3,5 еседен астам өсті және 2007 жылы 7 мың доллардан асты. Бұл бірқатар Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің көрсеткіштерімен тең. 2000 жылдан бастап ІЖӨ-нің өсуі орта есеппен 9-10 пайызды құрап отыр. Таяудағы үш жыл ішінде оның орташа өсімі 8 пайыз деңгейінде сақталады, бұл 2008 жылы ІЖӨ-нің 2000 жылмен салыстырғанда екі есе өсуі жөніндегі стратегиялық міндетті шешуге мүмкіндік береді. Сыртқы сауда айналымы он жыл ішінде 6 еседен астам өсіп, 2007 жылы 80 млрд. долларға жетті. Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібі серпінді дамуда. 2015 жылға таман біз мұнай өндіру көрсеткішін – 130 миллион тоннаға және газ өндіруді 80 миллиард текше метрге жеткізіп, әлемдегі он аса ірі көмірсутегі шикізатын экспорттаушылардың клубына кіру жоспарда бар.

## 2007 жылғы барлық әлпілер бойынша "Қорғас" кедені арқылы ресімделген тауарлар

Көрсеткіштер	Көлік құралдарының саны (бірлік)	Жүк көлемі (мың тонна)	Жалпы көлемінен үлес салмағы	Жүктің құны (мың АҚШ доллар)	Жалпы көлемінен үлес салмағы
Импорт	6320,0	103,5	35,3%	150229,6	25,2%
Экспорт	1065,0	42,1	14,4%	234335,1	39,3%
Транзит	7997,0	147,6	50,3%	211124,4	35,4%
Жалпы көлем	15382,0	293,2	100,0%	595689,1	100,0%

Ескертпе - 2008ж ҚР статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері негізінде.

- Қазақстанның сыртқы тауар айналымында Қытаймен тауар айналымы 8,1%-ды иеленеді. Қазақстаннан Қытайға экспорт көлемі 2,4 млрд. АҚШ долларын, Қытайдан Қазақстанға импорт көлемі - 1,3 млрд. АҚШ долларын құрады. Қазақстан экспортының жалпы көлеміндегі Қытай үлесі 8,7%-ды, импорттың жалпы көлемінде - 7,2%-ды құрайды.
- Қытай мен Қазақстан қолайлы көлік дәлізі ретінде де үлкен маңызға ие. Достық темір жол бекеті және Қорғас автокөлік жолдары арқылы Қытайға және одан әрі әлемнің басқа да елдеріне қазақстандық тауарлар экспортқа еш кедергісіз шығарылады.

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев атап өткендей, "Қазақстан бүгін Еуропа мен Азия арасындағы коммуникациялар легінің түйіскен тұсында тұр. Біздің міндет - осынау бірегей геосаяси жағдайымызды өз еліміз бен халықаралық қоғамдастықтың мүддесі үшін ұтымды пайдалану". Бүгінгі таңда тұтас алғанда еліміздегі экономикалық жаңарудың "локомотиві" болуға қабілетті дамыған өңірлік орталықтардың экономикалық қызметін жандандыруға, сондай-ақ өңірлердің ұтымды экономикалық мамандануын қалыптастыруға бағытталған осы заманғы жаңа аумақтық даму стратегиясы қажет. Елдің транзиттік әлеуетін тиімді пайдалану үшін алдыңғы қатарлы жобалар және сәйкесінше оларды жүзеге асыруға деген жаңа бағыттар қажет. Қазақстанның аймақаралық транзиттік орталыққа айналуының барлық алғышарттары бар.



## "Қорғас" кұрлық порты арқылы жүк ағынының 2009-2015 жылдарға арналған болжамы

	2006 ж.	2009 ж.	2015 ж.
Қытай-Еуропа тасымалдарының көлемі, млн.тонна	194,4	258,7	458,3
Қазақстан арқылы транзит,%	3,3	10,53	33,04
Еуропа-Қытай жүк ағынындағы Қазақстан транзитінің үлесі	2,6%	4,1%	7,2%
Қорғас кұрлық порты арқылы транзиттік жүк ағыны,%	0,16	0,54	3,97
Қорғас кұрлық портының үлесі	4,9%	5,1%	12,0%

Ескертпе - 2008ж ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері негізінде .

## Инвестициялық саясат

- 2009 жылғы 1 тоқсанда министрлік мынадай іс-шараларды жүргізді:
  - Германиядағы Қазақстан жылының салтанатты ашылуы шеңберінде 2009 жылғы 3 ақпанда Берлин қаласында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен Қазақстан-Германия экономикалық форумы өткізілді.
  - 2009 жылғы 24 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Үндістанға ресми сапары шеңберінде Үндістанның іскер топтарының қатысуымен Қазақстан-Үндістан бизнес-форумы өткізілді.
  - 2009 жылғы 3 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің жанында шетел инвесторларының кеңесінің аралық мәжілісі өткізілді.

- Қазақстан Республикасының Инфляция статистикасы агенттігінің жедел мәліметі бойынша 2009 жылғы наурызда республикадағы белсенді жұмыс жүргізетін кіші және орта кәсіпкерлік (КОК) субъектілерінің саны алдыңғы жылғы сәйкесті кезеңмен салыстарғанда 1,9%-ға төмендеген және 643 910 бірлікті құрайды, оның ішінде - 63 432 заңды тұлғалардың кіші кәсіпкерлігі (жалпы санның 9,8%-), 2 281 заңды тұлғалардың орта кәсіпкерлігі (0,4%), 408 716 жеке кәсіпкер (63,5%) және 169 481 шаруа (фермерлік) қожалығы (26,3%).
- 2009 жылғы қаңтар-ақпанда КОК белсенді субъектілерінің саны төмен деңгейде қалып отыр. Осындай жағдай республикалық көп аймақтарында байқалады. Солтүстік Қазақстан облысында – 16,3%, Қызылорда облысында -7,9%, Атырау облысында – 5,8% және Астана қаласында – 2,9%.

- КОК-мен белсенді айналысатындардың саны 2009 жылғы 1 наурызда 6,4%-ға төмендеген және 1 923,1 мың адамды құрады, оның ішінде кіші кәсіпкерліктің заңды тұлғалары – 446 461 (үлесі – 23,2%), орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары – 223 791 (11,6%), жеке кәсіпкерлер – 828 527 (43,1%) және шаруа (фермерлік) қожалық – 424 380 (22,1%).
- Былтырғы осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда Солтүстік Қазақстанда (20,7%-ға), Қызылордада (10,9%-ға), Атырауда (9,8%-ға), Қостанайда (6,9%-ға), Оңтүстік Қазақстан облыстарда, Астана қаласында (15,8%-ға ) және Алматыда (10,4%-ға) КОК-мен айналысатындардың саны төмендегені байқалады.
- КОК субъектілерінің өнім шығару индексі (тұрақты бағада) 90,4%-ға төмендеген.

## Қаржылық қолдау шаралары

- «Даму» қоры республикалық бюджет қаражаты есебінен кіші және орта бизнес субъектілеріне қаржылық қолдау көрсету бойынша үкіметтік іс-шараларды іске асыратын негізгі оператор болып табылады. Екінші деңгейдегі банктерді «Даму» қорының қаражатын келісіп орналастыру арқылы мемлекеттік бағдарламалар мынадай схемалар бойынша жұмыс жасайды:
- 1) *48,8 млрд. теңге – «Даму» - ЕДБ кәсіпкерлігін дамыту қоры» кіші және орта бизнестің жобаларын қаржыландырудың тұрақтандыру бағдарламасының бірінші траншы.* Осы бағдарлама бойынша қаражат толық игерілген және 2009 жылғы 20 наурыздағы жағдай бойынша револьвер негізде қайта тарату және беру арқылы игерілген ЕДБ-дың қаражаттарының жиынтық мөлшері 53,9 млрд. теңгені құрады. Осы сомаға 2 149 жоба қаржыланды, бұл ретте несиенің орта сомасы 25,1 млн. теңгені құрады, орта өлшенген мөлшер-17,8%, ал тиімділік мөлшері 22,7%. 3 600 астам жұмыс орны құрылды және қамтылды.


- 2) 50/50 млрд. теңге (100 млрд теңге) - – «Даму» - ЕДБ кәсіпкерлігін дамыту қоры» кіші және орта бизнестің жобаларын қаржыландырудың тұрақтандыру бағдарламасының екінші траншы.
- ШОБ субъектілерінің жобаларын қаржыландыруға арналған осы бағдарлама бойынша 100 млрд.теңге бөлінді, оның ішінде 50 млрд.теңгені «Даму» қоры арқылы «Самұрық қазына» АҚ және 50 млрд.теңгені екінші деңгейдегі банктер бөлген. Осы бағдарлама бойынша соңғы қарыз алушылар үшін жылдық мөлшер 12,5%-дан артық емес. Осы қадам бойынша ағымдағы жылғы 20 наурызда 109,4 млрд. теңге сомасында 3000 жуық жоба мақұлданған болатын, оның ішінде 88,7 млрд. теңге сомасында 2004 жоба нақты несиеленді. 1,5 мыңға жуық жұмыс орны құрылды және қолдау тапты. Мақұлданған жобалар мен нақты несиеленген жобалардың арасындағы айырмашылық қаражаттарды транш бойынша игерудің несие жолдарының ашылуымен байланысты.

- 3) 28/28 млрд. теңге (56 млрд. теңге). «Даму» қорының және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен аймақтарда кіші және орта бизнесті қоса қаржыландыру бағдарламасы.
- Осы бағдарлама жалпы 34,1 млрд. теңге сомаға «Даму» қорының және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен аймақтарда кіші және орта бизнестің жобаларын қоса қаржыландырады. Соңғы қарыз алушылар үшін осы бағдарлама бойынша ақы төлеу мөлшері кемінде 14% құрады.
- Осы бағдарлама бойынша 2009 жылғы 20 наурызда 33,1 млрд. теңгеге игерілді, 779 жоба мақұлданды, оның ішінде 15,2 млрд. теңге сомаға 751 жоба нақты несиеленді. Мақұлданған жобалар мен нақты несиеленген жобалардың арасындағы айырмашылық қаражаттарды транш бойынша игерудің несиелену жолдарының ашылуымен байланысты.
- Сондықтан, 2009 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 1,7 трлн. теңгені құраған екінші деңгейдегі банктердің берген несиелену көлемдерін есепке ала отырып, барлық схемалар бойынша жалпы сомасы 200 млрд.теңгеге кіші және орта бизнес субъектілерінің 6000 жобаға жуық жобалары мақұлданды және несиеленді, осы соманың мемекеттік ресурстары 12 %-ды құрады.

- 4) 117 млрд. теңге + 10 млрд. теңге. «Даму» - ЕДБ кәсіпкерлігін дамыту қоры» кіші және орта бизнестің жобаларын қаржыландырудың тұрақтандыру бағдарламасының III- траншы.
- Осы бағдарлама бойынша 2009 жылғы 20 наурызда ЕДБ жалпы сомасы 42 млрд. теңгеге 802 жоба мақұлданды (33% игерілді), оның ішінде 27,1 млрд. теңге сомаға (64,5 %), 544 жоба несиеленген жоқ, оның ішінде 19,3 млрд. теңге сомаға (15,1%), 543 жоба нақты несиеленді.



# Автокөлікпен тасымалдау жүйесі циклының жиынтығы



ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ !!!